

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2018 жылғы 31 қазандағы № 252 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 45 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17654 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 233 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 23.11.2022 № 233 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.11.2022 № 89 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың мен мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тексеру парағы бекітілсін.

2. "Мемлекеттік органдармен мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілермен қызметтік әдепті сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау мен тексеру парақтарының өлшем шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 76 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 186 бірлескен бұйрығының (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13744 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының орынбасары О.А. Бектеновке жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы _____ А. Шпекбаев	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____ Т. Сүлейменов
---	--

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 252 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 45 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) (бұдан әрі – Әдеп кодексі), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тексеру парақтарының нысандарын және тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидастарына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) және оның аумақтық бөлімшелерінің бақылау субъектісіне бару арқылы тексерулерді және профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында мемлекеттік органдарды іріктеуі үшін қабылданды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.07.2021 № 119 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.07.2021 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілер – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары ;

2) тәуекел – бақылау субъектісінің (немесе олардың мемлекеттік қызметшілері) қызметінің нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік органдардағы өзге де тұлғалардың, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарына, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы.

3) Агенттіктің және оның аумақтық бөлімшелерінің тәуекелді бағалау жүйесі – субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау мақсатында Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелері жүргізетін іс-шаралар кешені;

4) объективті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) – тәуекел дәрежесіне қарай мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп саласындағы бақылау субъектілерін іріктеу үшін Агенттіктің және оның аумақтық бөлімшелерінің қолданылатын, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің қолайсыз жағдай орын алу мүмкіндігімен байланысты мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп саласындағы бағалау өлшемшарттары;

5) субъективті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттары) – нақты бақылау субъект қызметінің қорытындысына қарай бақылау субъектілерін іріктеу үшін Агенттік және оның аумақтық бөлімшелері қолданатын, мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп саласындағы бағалау өлшемшарттары;

б) өрескел бұзушылықтар – мемлекеттік қызметке кіруге, оны өткеруге, тоқтатуға, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі, оларды материалдық қамтамасыз етуге және әлеуметтік қорғауға, мемлекеттік органдарда өзге де тұлғалар қызметінің мәселесі, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратын қоғамдық қатынастарды сақтауға айқын кері әсерін тигізетін Заңмен, Әдеп кодексімен, сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптар бұзушылықтары, сондай-ақ "персоналды басқару" бағыты бойынша жыл сайынға бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың тиімсіз қызметі;

7) елеулі бұзушылықтар - мемлекеттік қызметке кіруге, оны өткеруге, тоқтатуға, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі, оларды материалдық қамтамасыз етуге және әлеуметтік қорғауға, мемлекеттік органдарда өзге де тұлғалар қызметінің мәселесі, оның ішінде әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратын қоғамдық қатынастарды сақтауға айқын кері әсерін тигізбейтін Заңмен, Әдеп кодексімен, сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптар бұзушылықтары, сондай-ақ "персоналды басқару" бағыты бойынша жыл сайынға бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың тиімсіз қызметі;

8) елеусіз бұзушылықтар – мемлекеттік қызметке кіруге, оны өткеруге, тоқтатуға, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі, оларды материалдық қамтамасыз етуге және әлеуметтік қорғауға, мемлекеттік органдарда өзге де тұлғалар қызметінің мәселесіне қатысты қоғамдық қатынастарды сақтауға әсерін тигізбейтін Заңмен, Әдеп кодексімен, сондай-ақ

мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптар бұзушылықтары.

3. Мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп саласында жоғары тәуекелге жататын бақылау субъектілерге, бақылау субъектілерге бару арқылы профилактикалық бақылау қолданылады.

2-тарау Бақылау субъектілерге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу тәсілдері

4. Бақылау субъектілерге бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу тәсілдері объективті и субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау мынандай:

- 1) тәуекелді айқындау;
- 2) бақылау субъектілерді тәуекел дәрежелері бойынша (жоғары және жоғары дәрежеге жатпайтын) топтастыру және бөлу кезеңдері арқылы жүзеге асырылады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекелдер дәрежесіне бақылау субъектілері жатады:

- 1) бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізгендер;
- 2) азаматтарды конкурстан тыс мемлекеттік қызметке тағайындаған;
- 3) мемлекеттік қызметшілердің ротациясын жүргізгендер;
- 4) мемлекеттік қызметшілерді оқуға жолдағандар;
- 5) мемлекеттік қызметшілердің аттестациясын өткізгендер;
- 6) мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тартқандар;
- 7) қайта ұйымдастырылған, штат саны қысқартылған, басқарма құрылымы өзгертілген, лауазымдар атауы өзгертілгенде, сонымен қатар, басқа мемлекеттік органның функциялары, өкілеттіктері және (немесе) штат саны берілген, оның ішінде мемлекеттік органның таратылған немесе және қайта ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілгенде;
- 8) шетел азаматтарын жұмысқа тартқандар;
- 9) әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың біліктілік талаптарын өзгерткендер;
- 10) мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан босатқандар;
- 11) азаматтардың мемлекеттік лауазымға қалпына келтірілгендер;
- 12) бір жыл ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында (оның ішінде, интернет ресурстарында), бақылау субъектіледің қызметтеріне не мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты, қоғамдық резонансы бар жағымсыз материалдардың болуы;

13) бір жыл ішінде, мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп нормаларының талаптарын сақтау бойынша үш немесе одан да көп тексерулер жүргізілген жағдайда;

14) бір жыл ішінде, осы бақылау субъектілерінің мемлекеттік қызметшілері іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе қызметіне қатысты үш немесе одан да көп шағымдар түскен жағдайда;

15) әкімшілік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшілер;

16) сот үкімі бойынша қылмыстық іске тартылған мемлекеттік қызметшілер;

17) сот үкімі бойынша жемқорлық іске тартылған мемлекеттік қызметшілер;

18) ұйымдастырушылық даму тиімділігіне бағалау жүргізілуіне қатысты.

Тәуекелді анықтағаннан кейін, бақылау субъектілері екі дәрежеге бөлінеді (жоғарғы және жоғарғыға жатпайтын).

Бақылау субъектілер объективті өлшемшарттарынан жоғарғы тәуекелге жатқызылған жағдайда, бақылау субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау келесі кезеңдерді қолданумен жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпараттарды жинау;

2) ақпаратты және тәуекел бағасын талдау.

8. Бақылау субъектілердің (бақылау субъектілердің мемлекеттік қызметшілері) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет пен қызметтік әдеп нормаларының талаптарын бұзғанын анықтау мақсатында, деректер базасын және ақпараттарды жинау қажет. Осы ақпараттарды дұрыс қолданылуға, мемлекеттік бақылауды және Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің ресурстарын тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері қолданылады:

1) Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Президент әкімшілігінің, уәкілетті мемлекеттік еңбек органының, жергілікті атқарушы еңбек инспекция органның және прокуратура бақылау органның алдыңғы текерулері мен профилактикалық бақылау нәтижелері;

2) Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерімен автоматты жүргізілетін бақылау субъектілерінің есептері мен ақпараттарының мониторинг нәтижелері;

3) мемлекеттік органдардың немесе мемлекеттік қызметшілердің кінәләрі негізінде қоғамдық резонанс және мемлекеттік басқару жүйесіне сын туғызған жағымсыз оқиғалардың болуы;

4) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтамау және мемлекеттік қызмет саласында заңнама талаптарын бұзғанына бақылау субъектілеріне

қатысты заңды және жеке тұлғалардың дәлелденген өтініштерінің және арыздарының болуы мен саны;

5) Агенттік және оның аумақтық бөлімшелерімен, сондай-ақ консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарымен жүргізілетін, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бақылау субъектілерімен мемлекеттік қызмет пен қызметтік мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларының талаптарын сақтау бойынша мониторинг пен талдау нәтижелері;

6) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстары, бұқаралық ақпарат құралдарының талдауы;

7) "персоналды басқару" бағыты бойынша мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық даму тиімділігін бағалау нәтижесі;

8) уәкілетті органдардың және ұйымдардың ұсынатын, сондай-ақ, өзге де ақпарат көздерінен алатын мәлеттерін бағалау нәтижелері;

9. Ақпарат көздерінің негізінде, Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелері бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау мен бағалау бақылау субъектіге қатысты аса ықтимал тәуекелімен, субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылауға баса назар аударуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, талдау мен бағалауда нақты бақылау субъектілеріне қатысты бұдан бұрын қолданылған және ескертілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талап мерзімі өткен жағдайда, субъективті өлшемшарттардың анықтамалары қолданылмайды.

10. Субъективті өлшемшарттар мен бұзушылықтардың өрескел деңгейі (болмашы, елеулі, өрескел) осы Өлшемшарттардың қосымшасында анықталған.

11. Басымдылық негізіне ала отырып, қолданылатын ақпарат көздерінің осы Өлшемшарттардың 3-тарауына сәйкес, субъективті өлшемшарт шкаласы бойынша жалпы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейін есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектілеріне:

1) тәуекел дәрежесі 61-ден бастап 100-ді қоса алғанда дейінгі көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілгенде жоғарғы тәуекел дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейінгі қоса алғанда көрсеткіш кезінде және өзіне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмегенде жоғарғы дәрежеге жатқызылмаған тәуекел дәрежесіне жатады;

12. Субъективті өлшемшарттан алынатын баға ақпараты мен өткізілетін талдау қорытындылары арқылы бақылау субъектіге бару еселігі профилактикалық бақылау анықталады және бір жылда бір реттен аспауы қажет.

13. Бақылау субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 3-тармағына сәйкес

калыптасқан, бақылау субъектіге баруды профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімі негізінде жүргізіледі.

14. Бақылау субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау тізімі Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерімен құралады, келесіне ескере отырып:

1) басымдық тексерілетін субъектілердің ең көп көрсеткіші-тәуекел дәрежесінің субъективті өлшемшарттары бойынша.

3-тарау Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

15. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішінің мынадай есептеу тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және аталған көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және аталған формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;
 SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;
 SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Мемлекеттік органдардың
 мемлекеттік қызмет
 саласындағы заңнаманы
 сақтаудағы және мемлекеттік
 қызметшілердің қызметтік әдеп
 нормаларын сақтаудағы тәуекел
 дәрежесін бағалау
 өлшемшарттарына қосымша

Мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы сақтаудағы және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.07.2021 № 119 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.07.2021 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Субъективті өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі *
Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, уәкілетті мемлекеттік еңбек органының, жергілікті атқарушы еңбек инспекция органның және прокуратура бақылау органының алдыңғы тексерулері мен профилактикалық бақылау қорытындылары	Мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы; азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы; мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік, нәтижелілік, ашықтық; азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы; мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі; меритократия; жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төмен тұрған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін	

1	<p>міндеттілігі; мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі; мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы; құқық бұзушылықтарға төзбеушілік; мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру; мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы; мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекақыны тең төлеу; мемлекеттік қызметшілерді лауазымдық міндеттерін үлгілі атқарғаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу; мемлекеттік қызметшілерді оқытудың және қажетті құзыреттерін дамытудың үзіліссіз болуы мемлекеттік қызмет негізделетін негізгі қағидаларын сақтауды қамтамасыз ету</p>	Өрескел
2	<p>Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде бейтарап және саяси партиялардың, діни және өзге қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болуға сақтауды қамтамасыз ету</p>	Өрескел
	<p>Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын орындауы жөніндегі қызметін үйлестіреді; тәртіптік, конкурстық және кадр мәселелері жөніндегі өзге де комиссиялардың қызметін ұйымдастырады; мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жұмысын бағалауды жүргізу, конкурстық</p>	

3	<p>іріктеу, мемлекеттік қызметшілерді қызмет бабында ілгерілету, қызметтік тергеп-тексеру, мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауаптылыққа тарту, мемлекеттік қызметшілерді қызметтен шығару рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді; кадрлар іріктеуді ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметті өткеруіне байланысты құжаттарды ресімдейді, мемлекеттік қызметшілердің дербес деректерін , мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жұмысын бағалау және оқудан өту нәтижелері туралы мәліметтерді, оның ішінде мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқорда (ақпараттық жүйеде) есепке алуды жүзеге асырады; мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді; мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамадан өтуін, тәлім алуын, жұмысын бағалауды, оларды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды белгіленген мерзімдерге сәйкес ұйымдастырады, мемлекеттік қызметшілерді көтермелеуді қолдану тәртібін әзірлейді; заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады мемлекеттік органың персоналды басқару қызметінің (кадр қызметі) сәйкестігін қамтамасыз ету</p>	Елеулі
4	<p>Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік органның басқа құрылымдық бөлімшелерінен ұйымдық жағынан аппарат басшысына дербес болады, ал аппарат басшысы лауазымдары енгізілмеген мемлекеттік органдарда мемлекеттік органның басшысына тікелей бағынысты қамтамасыз ету</p>	Елеулі
	<p>Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын облыстық,</p>	

5	астананың, республикалық маңызы бар қаланың, аудандық, қалалық атқарушы органдардың бірыңғай қызметті басқару қызметті (кадр қызметі) осы атқарушы органдардың басшыларын тағайындауға құқығы бар адамның (органның) шешімімен құрылады	Елеулі
6	Өңірлік, қалалық, аумақтық бөлімшелердің бірыңғай персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) орталық мемлекеттік органның өңіраралық немесе облыстық бөлімшесі басшысының және оның ведомствосы немесе жоғары тұрған органның шешімі бойынша құрылады	Елеулі
7	Мемлекеттік қызметшінің негізгі құқтары, оның ішінде: өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың анық жағдайлары туралы өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының және (немесе) құқық қорғау органдарының назарына жеткізген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және өзге де қорғалуы	Өрескел
8	Мемлекеттік қызметшілердің еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті еңбек жағдайлары	Өрескел
9	Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету	Өрескел
10	Мемлекеттік қызметшілердің жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды адамдар және азаматтар тарапынан өзіне әділ және құрметпен қарым-қатынас жасалуын қамтамасыз ету	Өрескел
11	Өзі атқаратын мемлекеттік лауазымға, жұмыс сапасына, тәжірибесіне және осы Заңда белгіленген өзге де негіздерге қарай ынталандырылуына және еңбекақы төленуін қамтамасыз ету	Өрескел

12	Мемлекеттік орган мемлекеттік қызметшіні тағылымдамадан немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға жіберген жағдайда жұмыс орнының (мемлекеттік қызмет) сақталу бөлігінде мемлекеттік қызметші құқығының сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел
13	Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысу, мемлекеттік қызметшінің пікірі бойынша қажет болған жағдайларда қызметтік тергеп –тексеру жүргізуді талап етуін қамтамасыз ету	Өрескел
14	Мемлекеттік қызметшілер функцияларын өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес жүзеге асыруын қамтамасыз ету	Өрескел
15	Мемлекеттік қызметшілер қызметтік тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету	Өрескел
16	Басшылардың бұйрықтары мен өкімдері, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен нұсқаулары олардың лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған болса, оларды орындауды қамтамасыз ету	Өрескел
17	Мемлекеттік қызметшілер қызметтік өкілетті орындау кезінде азаматтардың абыройы мен намысын, жеке өміріне қатысты мәліметтерді жария етпеу және олардан осындай ақпаратты ұсыну талап етілмеуін қамтамасыз ету	Өрескел
18	Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде алатын, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етпеуге және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан	Өрескел

	осындай ақпарат беруді талап етпеуді қамтамасыз ету	
19	Мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті қызметтік мақсаттарда ғана пайдалануды қамтамасыз ету	Өрескел
20	Мемлекеттік қызметшілермен өздерін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға жіберген мемлекеттік органда тікелей оқу аяқталғаннан кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметте жұмыспен өтеуге міндетін қамтамасыз ету	Елеулі
21	Мемлекеттік қызметшілермен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның ақпараттық ресурстарымен жұмыс процесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетін қамтамасыз ету.	Өрескел
22	Мемлекеттік саяси қызметшілердің негізгі функцияларын сақтауды қамтамасыз ету.	Елеулі
23	Орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшыларының және облыс, республикалық маңызы бар қалалық және астана әкімдері аппараттары басшыларының өкіліктерін сақтауды қамтамасыз ету	Елеулі
24	Мемлекеттік қызметке кіру кезінде шектеулерді қабылдау туралы растаулардың болуы.	Өрескел
25	Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметке кірумен байланысты шектеулерді сақтау	Өрескел
26	Мемлекеттік саяси қызметке кіру кезінде Заң талаптарын сақталуын қамтамасыз ету	Елеулі

27	Мемлекеттік саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілермен қиыстыру барысында шектеулерді сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
28	Мемлекеттік қызметке он сегіз жасқа дейінгі және зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтарды қабылдамауды қамтамасыз ету	Өрескел
29	Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған азаматты мемлекеттік қызметке қабылдамауды қамтамасыз ету	Өрескел
30	Сот белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдар атқару құқығынан айырған азаматты мемлекеттік қызметке қабылдамауды қамтамасыз ету	Өрескел
31	Біліктілік талаптарында тиісті мемлекеттік лауазымдарға орналасу үшін денсаулық жағдайына арнайы талаптар белгіленген жағдайларда, медициналық мекеменің қорытындысы негізінде лауазымдық өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіретін ауруы бар жағдайда мемлекеттік қызметке қабылдамауды қамтамасыз ету	Өрескел
32	Мемлекеттік қызметке кірер алдында үш жыл ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған азаматты қабылдамауды қамтамасыз ету. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық үшін қызметтен шығарылған азаматты	Өрескел
33	Мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылғанды мемлекеттік қызметке жібермеуді қамтамасыз ету	Өрескел
34	Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған азаматты мемлекеттік	Өрескел

	қызметке жіберілмеуді қамтамасыз ету	
35	Мемлекеттік қызметке кірер алдындағы үш жыл ішінде қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін өзіне қатысты қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған азаматты мемлекеттік қызметке жіберілмеуді қамтамасыз ету	Өрескел
36	Мемлекеттік қызметке кіру уақытына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар азаматты мемлекеттік қызметке жіберілмеуді қамтамасыз ету	Өрескел
37	Ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұдан бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған азаматты мемлекеттік қызметке жібермеуді қамтамасыз ету	Өрескел
38	Қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасаған азаматты мемлекеттік қызметке жібермеуді қамтамасыз ету	Өрескел
39	Қылмыстық топтың құрамындағы қылмыс туралы өзіне қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасы	Өрескел

	Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде тоқтатқанға қатысты азаматты мемлекеттік қызметке жібермеуді қамтамасыз ету	
40	Құқық қорғау органдарынан, арнайы мемлекеттік органдардан және соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған азаматты, сондай-ақ өзге де жағдайларда азаматты мемлекеттік қызметке қабылдамауды қамтамасыз ету	Өрескел
41	Мемлекеттік қызметке кіру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайларға байланысты қандай да бір кемсітушіліктердің болмауы	Өрескел
42	Азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен кірістері және өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлкі туралы декларацияны мемлекеттік кіріс органдарына ұсынуы мемлекеттік қызметке кірудің міндетті шарты болып табылады. Мемлекеттік лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды адамның (органның) жұмысқа қабылдау туралы актісі шыққанға дейін азамат персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) кірістері және өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлкі туралы декларацияны тапсырғаны туралы анықтаманы ұсынуға міндетті	Өрескел
	Мемлекеттік органның және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі бағыттарын, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктерін ескере отырып әзірленген мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының	

43	санаттарына үлгілік біліктілік талаптары негізінде мемлекеттік лауазымдарға тағайындауға құқығы бар лауазымды адам (орган) бекіткен "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарының болуы	Өрескел
44	Мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе мемлекеттік қызметке оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кіретін азаматтар мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігі тұрғысынан ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнайы тексерудің оң нәтижелерін алуы талаптарын қамтамасыз ету	Өрескел
45	Мемлекеттік әкімшілік қызметке кіретін азаматтар арнайы тексерудің нәтижелері алынған күнге дейін мемлекеттік органның жұмысқа қабалдау, мемлекеттік әкімшілік лауазымға түсу, міндеттерді уақытша атқару туралы сәйкес актілердің болуы	Елеулі
46	Мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет кірген, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметке оны тоқтатқаннан кейін қайтадан кірген мемлекеттік қызметшілер үшін сынақ мерзімін белгілеуді, оның нәтижесі қанағаттанарлықсыз болғанда ұзартуды, сондай-ақ "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісін сынақ мерзімінің нәтижелері бойынша қызметтен шығаруды уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша жүзеге асырылуын қамтамасыз ету	Өрескел
47	Мемлекеттік қызметшілерге әкімшілік мемлекеттік қызметке алғаш кіретіндерді, сынақ мерзімі кезеңінде жетекшіні, оның ішінде оны ұзарту кезінде мемлекеттік қызметшілерге бекітуді қамтамасыз ету	Елеулі
48	Қазақстан Республикасының Президентімен анықталатын	Елеулі

	мемлекеттік қызметшілердің ант беру тәртібін сақтау	
49	"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдары үшін конкурс өткізу заң талаптарын сақтап қамтамасыз ету	Өрескел
50	"А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісімен еңбек шартын мемлекеттік лауазымға тағайындау және мемлекеттік лауазымнан босату кезінде заңды сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
51	"А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметте мемлекеттік қызметті қайта құру кезінде заңды сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
52	"Б" корпусының бос әкімшілік лауазымына орналасуда ішкі конкурсты өткізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел
53	"Б" корпусының бос әкімшілік лауазымына орналасуда жалпы конкурсты өткізу рәсімдерін сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
54	Қазақстан Республикасының заңнамамен көзделген жағдайларда мемлекеттік лауазымға тағайындауға құқығы бар адам кандидатты жоғары тұрған лауазымды тұлғаның келісімі бойынша лауазымға қабылдау	Өрескел
55	Азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруін ресімдеу кезінде мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел
56	Персоналды басқару қызметтерінің уәкілетті органмен бекітілген (кадр қызметтері) мемлекеттік қызметшілерге қызметтік тізімді толтыру және қызметтік тізім нысанын қамтамасыз ету.	Елеулі
	Мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік лауазымы мен лауазымдық өкілеттіктерін	

57	растайтын құжат болып табылатын қызметтік куәлік берілу талаптарын қамтамасыз ету. Қызметтік куәліктерді беру бойынша заңнама талаптарын сақтауды және оларды беру тәртібін мемлекеттік органмен бекітуді қамтамасыз ету	Өрескел
58	лауазымдық өкілеттіктерін нұсқаулықтарды жасау және бекіту тәртібін қамтамасыз ету.	Елеулі
59	Заңға сәйкес белгіленген мемлекеттік қызметшілердің Еңбек тәртібі ережелерінің болуы, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасын белгілейтін	Өрескел
60	Жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы жағдайдағы мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері (сағаттары) немесе жұмысына мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтемақы төленудің талаптарын сақтау	Өрескел
61	Мемлекеттік қызметшілердің қызметтерін бағалауды жүргізуді қамтамасыз ету	Өрескел
62	Мемлекеттік қызметшілерді оқыту (даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру) тәртібін және мерзімін сақтау	Елеулі
63	Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу кезінде заң талаптарын сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
64	Мемлекеттік қызметшілердің тағылымдамасының тәртібі мен мерзімі сақталуын қамтамасыз ету	Елеулі
65	Мемлекеттік органда мемлекеттік қызмет бабында ілгерілеу мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген жоғары тұрған мемлекеттік лауазымдарға сатылап көтеріліп орналасуды көзделуін қамтамасыз ету	Өрескел

66	Мемлекеттік қызметшіге қызметтік этика нормаларын бұзғаны үшін не мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде мемлекеттік лауазымға ауысу тәртібімен, сондай-ақ конкурстардың қорытындылары бойынша орналасуына жол берілмеуін сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел
67	Мемлекеттік қызметшіге басқа мемлекеттік лауазымның міндеттері уақытша жүктелуі мүмкіндігін және мемлекеттік лауазымдарды уақытша қоса атқарғаны және уақытша болмаған мемлекеттік қызметшінің міндеттерін атқарғаны үшін қосымша ақы белгілену талаптарын сақталуын қамтамасыз ету.	Елеулі
68	Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға іссапарға жіберу тәртібін сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
69	Мемлекеттік қызметші мерзімді әскери қызметке шақырылған жағдайда оларға мерзімді әскери қызмет кезеңінде жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі және олардың жұмыс орны (мемлекеттік лауазымы) сақталуы	Өрескел
70	Қазақстан Республикасының Президентімен бекітілген "А" корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің ротациялау кезінде заңмен белгіленген талаптарды қамтамасыз ету;	Өрескел
71	Қазақстан Республикасының Президентімен бекітілген "Б" корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің ротациялау кезінде заңмен белгіленген талаптарды қамтамасыз ету;	Өрескел
72	Мемлекеттік органың құру кезеңінде азаматтарды жұмысқа қабылдауда заң талартарының сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел

73	<p>Мемлекеттік қызметші атқару үшін алынған өкімнің құқыққа сыйымды екеніне күмәнданған кезде ол жөнінде өзінің тікелей басшысына және өкімді берген басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиістігін сақтамауды қамтамасыз ету.</p> <p>Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызмет бойынша жоғары тұрған басшының жазбаша түрде келісілген өкімдерін орындамау, егер де оны орындау кезінде іс-әрекеті қылмыстық жазаланатын әрекетке жатқызылатын болса.</p> <p>Мемлекеттік қызметшінің заңсыз өкімді орындамауының салдары үшін осы өкімді растаған басшының жауапты болуы</p>	Өрескел
74	Лауазымды адамдардың лауазымдық өкілеттіктерді атқаруға қатысы жоқ және(немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен нұсқаулар беруіне тыйым салынуы.	Өрескел
75	Саяси мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
76	Өкімшілік мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жазаға тартуда тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
77	Мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік органға келтірілген нұқсан үшін материалдық жауаптылықты қамтамасыз ету	Өрескел
78	Мемлекеттік қызметшіні лауазымдық өкілеттіктерін атқарудан уақытша шеттету жөнінде талаптарды сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
79	Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
80	Әдеп жөніндегі уәкілінің қызметті және (міндеттерді жүктеу) тағайындауды қамтамасыз ету	Өрескел
	Мүдделер қақтығысы орын алған болса, мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін жүзеге	

81	асыруына тыйым салуды сақтауды қамтамасыз ету.	Өрескел
82	Мемлекеттік қызметші мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиістілігін сақтауды қамтамасыз ету.	Өрескел
83	Мемлекеттік қызметші туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сәтте өзінің тікелей басшысын немесе мемлекеттік органның басшылығын ол жөнінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.	Өрескел
84	Заңмен көзделген мемлекеттік органның басшысы мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша шара қолдану.	Өрескел
85	Мемлекеттік қызметшілер Заңмен белгіленген сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу бойынша қажетті шара қолдануды сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
86	Мемлекеттік органның басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы мәлімдеулері бойынша, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштерді жолдау арқылы шаралар қабылдауға міндеттілігін сақтауды қамтамасыз ету.	Өрескел
87	Мемлекеттік органның басшылығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы хабарлаған мемлекеттік қызметшінің құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайтын қудалаудан қорғау жөніндегі шара қабылдауды сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел

88	Мемлекеттік қызметшілер жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуді сақтау	Өрескел
89	Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық жасады деп жариялы түрде негізсіз айып тағылған кезде ол осындай айыптауды анықтаған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс.	Өрескел
90	Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу заң талаптарын сақтауды қамтамасыз ету.	Өрескел
91	Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілі айқындайтын тәртіп талаптарының сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел
92	Мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын ұсынғ кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету	Өрескел
93	Айлықты сақтамау оның ішінде, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу жағдайларда, мемлекеттік қызметшілердің еңбек демалысының беру талаптарын сақтауды қамтамасыз ету	Өрескел
94	Жыл сайынғы немесе қосымша демалыстан шақыртылуы бойынша мемлекеттік қызметшінің келісімі бар болуы	Өрескел
95	Мемлекеттік қызметшілерге тұрғын үймен және Тұрғынжай жағдайларын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғынжай құрылысы үшін жер участкісімен қамтамасыз ету талаптарын сақтау	Елеулі
96	Мемлекеттік қызметшілер және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері медициналық қызмет көрсетуді тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде белгіленген тәртіппен пайдалану талаптарын сақтау	Елеусіз

97	<p>Мемлекеттік органға басқа мемлекеттік органның, оның ішінде жойылған (таратылған) не қайта ұйымдастырылған мемлекеттік органның функциялары, өкілеттіктері және (немесе) штат бірліктері берілген мемлекеттік органның қаражаттары есебінен ұсынылған лауазымнан бас тартқан, үш жылдан кем емес мемлекеттік қызметте еңбек өтілі бар әкімшілік мемлекеттік қызметшілерге жұмыстан шығу жәрдемақысын төрт орташа айлық жалақының есептік көрсеткішінде төлеуді қамтамасыз ету</p>	Өрескел
98	<p>Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді қайта құрылған мемлекеттік органға біліктілікке сәйкес, жаңадан құрылған мемлекеттік лауазымдардың мемлекеттік органының басшылығымен мемлекеттік органды қайта құруда ұсыныстар қамтамасыз етілсін, ал жұмысқа орналасудан бас тартқан жағдайда , демалыс жәрдемақыны орта еңбек ақының төрт есептік көлемінде төленсін</p>	Өрескел
99	<p>Мемлекеттік органның штаттық санын қысқартуда мемлекеттік қызметте үш жылдан кем емес еңбек өтілімі бар болса, қысқартылатын мемлекеттік лауазымды иеленуші мемлекеттік қызметкерге демалыс жәрдемақыны орта еңбек ақының төрт есептік мөлшерінде төлемді қамтамасыз ету</p>	Өрескел
